



YESSENOV
UNIVERSITY

**«Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті» КЕАҚ директорлар
кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(01.04.2021ж. №6 хаттама)**

**«Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІГІН
САТУ БОЙЫНША АУКЦИОНДАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

АҚТАУ- 2021

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ	3
2. ҚЫСҚАРТУЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	3
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
4. МҮЛІКТІ АУКЦИОНҒА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМ ФУНКЦИЯЛАРЫ	5
5. САУДА-САТТЫҚТЫ ЖҮРГІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ	6
6. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР	7
7. «Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІГІН САТУ БОЙЫНША АУКЦИОНДАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ №1 ҚОСЫМША	1 0

1. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

«Ш.Есенов атындағы каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ жылжымалы мүлігін сату бойынша аукциондарды жүргізу ережелері (әрі қарай – Ережелер) Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 13 мамырындағы №415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, 2014 жылдың 23 мамырындағы «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықтарды өткізу Реттемесіне» (№66 Хаттама) *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі №802 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «Ақпараттық-есептеу орталығы» Акционерлік қоғамы Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында бірыңғай оператор болып анықталды, ол «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 200-бабының 9-тармағына сәйкес)* және «Ш.Есенов атындағы каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ Жарғысына (әрі қарай – Қоғам) сәйкес әзірленген және **Қоғамның** жылжымалы мүлігін өткізу тәртібін реттейді.

2. ҚЫСҚАРТУЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында қолданылатын келесі негізгі ұғымдар, сонымен қатар анықтамалар, қысқартулар пайдаланылған:

- 1) ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 2) ҚРЗ - Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) электрондық аукцион (әрі қарай - аукцион) – тізілім веб-порталында өткізілетін, қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;
- 2) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;
- 3) аукцион нөмірі – қатысушыға электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;
- 4) бағаның арттырылуына байланысты сауда-саттықтардың әдісі – бастапқы баға алдын-ала жарияланған қадаммен артып отыратын әдіс;
- 5) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы (әрі қарай - тізілім веб-порталы) - сатушылардың электрондық деректер қорына және олармен өткізілетін мемлекеттік меншік, квазимемлекеттік сектор мен мемлекеттік емес мүлік объектілеріне (әрі қарай - деректер қоры) қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;
- 6) бағаның төмендетілуіне байланысты сауда-саттықтар әдісі – бастапқы баға жарияланған қадаммен төмендетілетін әдіс;

- 8) электрондық конкурс (әрі қарай - конкурс) – Қоғам мүлігін сату бойынша сауда-саттықтар;
- 9) ең төмен баға – сату нысаны одан төмен сатыла алмайтын баға;
- 11) алғашқы баға - тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебін ескере отырып, Қоғам белгілейтін баға;
- 12) сатушы – Қоғам;
- 13) сатылу объектісі - сатушы сауда-саттыққа шығарған мүлік;
- 14) ұйымдастырушы – тізілім веб-порталында сатушымен электрондық қызметтерді көрсету бойынша сауда-саттықтарды өткізу туралы шартын жасасқан «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы;
- 15) жеңімпаз - сатылу объектісі үшін ең жоғары бағаны ұсынған және конкурс шарттарына сәйкес келетін және сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған аукционға қатысушы;
- 16) сатып алушы – сатып алу-сату келісімшартына қол қойған сауда-саттық жеңімпазы;
- 18) бастапқы баға – әрбір сатылу объектісі бойынша сауда-саттықтары басталатын баға;
- 19) ағымдағы баға – сауда-саттық барысында туындайтын сатылу объектісінің бағасы;
- 20) сауда-саттық – мүлікті сату түрі;
- 21) сату бағасы – сауда-саттық нәтижесінде белгіленген сатылу объектісінің қорытынды бағасы;
- 22) электрондық цифрлық қолтаңба (әрі қарай – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2. Осы Ережеде мағынасы арнайы анықталмаған кез келген терминдер мен анықтамаларға ҚР қолданыстығы заңнамасына сәйкес түсініктеме беріледі.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Қоғамның жылжымалы мүлікті сату туралы шешімі Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітіледі.

3.2. Сатушы осы Ережелермен анықталған тәртіппен мүлікті сатуды жүзеге асырады.

3.3. Аукционға Қоғам атына меншік құқығында тіркелген мүлік шығарылады.

3.4. Қоғам сауда-саттықта сатылатын мүлікті қорғауды және бақылауды қамтамасыз етеді және меншік құқықтарының сатып алушыға өтуіне дейін мүлік бойынша мәліметтердің сақталуы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

3.5. Мүлікті аукционға шығару туралы мәселені шешу үшін Қоғам конкурстық комиссияны құрады.

3.6. Комиссия қызметін реттейтін құжатты Қоғам өз қалауынша әзірлейді және оны атқарушы орган бекітеді.

3.7. Қоғам сауда-саттыққа қатысушы ретінде қатыса алмайды.

3.8. Аукцион екі әдіспен жүргізіледі: бағаны арттыру және бағаны төмендету.

3.9. Аукцион «АЕО» АҚ тізілімінің веб-порталы арқылы электрондық аукцион түрінде, не болмаса Қоғам сайты арқылы қағаз нысанда жүргізіледі. Аукционды жүргізу нысанын Қоғам өз бетінше белгілейді.

4. МҮЛІКТІ АУКЦИОНҒА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМ ФУНКЦИЯЛАРЫ

4.1. Қоғам функциялары:

1) ҚР бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес сауда-саттықтарда сатылатын мүліктің құнына бағалауды ұйымдастыру;

2) ұйымдастырушымен электрондық қызмет көрсетуге келісімшарт жасау;

3) сауда-саттықтарды жүргізуге дайындық жасау және аукционды өткізу жүрісін қадағалау;

4) ықтимал қатысушыларға сауда-саттықтарда өткізілетін мүліктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

5) сауда-саттыққа шығарылатын сатылу объектісі туралы мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз ету;

6) сауда-саттық жеңімпазымен сатып алу-сату шартын жасасу және оның орындалуын бақылау;

7) сауда-саттықтарды жүргізу рәсімдері және олардың нәтижелеріне байланысты ұйымдастырушы және сатып алушылар арасындағы төлемдерді жүргізу;

8) сауда-саттықтарды өткізуге кемінде үш күн қалғанда сатылу объектісін сауда-саттықтардан алып тастау туралы шешім қабылдау;

9) ұйымдастырушыдан ақыл-кеңес көмегін алу;

10) Ұйымдастырушыдан Қоғам сауда-саттыққа шығарған сатылу объектісі туралы тізілім веб-порталында жайғастырылған ақпаратқа өзге жеке және заңды тұлғалардың кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз етуді талап ету;

11) Ұйымдастырушыдан сауда-саттыққа қатысуға электрондық өтінімдердің және оларға тіркелетін электрондық құжаттардың сақталуын, сонымен қатар құпиялылығын қамтамасыз етуді талап ету;

12) сатуды өткізу үшін қажетті басқа іс-шараларды жүргізу;

13) аукционды жүргізуге кедергі келтіретін тізілім веб-порталының техникалық істен шығуы фактісі болған жағдайда, ұйымдастырушы техникалық істен шығуды түзеткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұйым ұйымдастырушысының аукционды жалғастыруын қадағалау, сондай-ақ тізілім веб-порталында ақпаратты жайғастыру және тізілім веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық поштасына электрондық хабарлама

жіберу арқылы аукционға қатысқан қатысушыларға сол аукционның жалғасы болатын күні мен уақыты жайында міндетті түрде алдын ала хабарлау.

5. САУДА-САТТЫҚТЫ ЖҮРГІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

5.1. Сауда-саттықты жүргізуге дайындықты Қоғам осы Ережелерге сәйкес келесі тәртіппен жүзеге асырады:

- 1) сату объектісі бойынша қажетті материалдар жинақталады;
- 2) сату объектісінің алғашқы, бастапқы және ең төмен бағалары анықталады;
- 3) әрбір сату объектісінің сауда-саттық нысаны және әдістері анықталады;
- 4) сауда-саттықты жүргізу мерзімдері белгіленеді.

5.2. Сауда-саттықты жүргізу туралы хабарламаны жарияламас бұрын комиссия Ұйымдастырушының тізілім веб-порталындағы деректер қорына әрбір лот бойынша келесі ақпаратты енгізуін қамтамасыз етеді:

- 1) 1 қосымшаға сәйкес сату объектісі туралы ақпарат;
- 2) сату объектісінің орналасқан жері;
- 3) сату объектісінің меншік иесі туралы мәліметтер (пошталық мекен жайы, телефон, факс, e-mail);
- 4) сату объектісінің бағалануы туралы мәліметтері (бағалау күні, бағалау құны, бағалаушының атауы);
- 5) ауыртпалықтардың (тыйым салудың) жоқтығы туралы мәліметтер;
- 6) комиссия шешімі бойынша қосымша ақпарат.

5.3. Енгізілген мәліметтерге қосымша комиссия келесі құжаттардың сканерленген көшірмелерін деректер қорына енгізуін қамтамасыз етеді:

- 1) сату объектісін бағалау туралы есеп;
- 2) сатушыда сату объектісіне меншік құқығын растайтын құжат;
- 3) сатылу объектісінің техникалық жағдайы туралы көріністерін қамтитын саны 5 данадан кем емес фотосуреттері.

5.4. Тізілім веб-порталында сауда-саттықтардың өткізілуі туралы хабарламаны жариялау үшін, сатушы әрбір сатылу объектісі бойынша қазақ және орыс тілдерінде қосымша келесі мәліметтерді енгізеді:

- 1) сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты;
- 2) сатылу объектісінің аталуы;
- 3) сауда саттықтардың әдісі мен түрі;
- 4) сатылу объектісінің бастапқы бағасы, ал бағаның төмендетілуіне байланысты аукционды өткізу кезінде – сатылу объектісінің ең төмен бағасы;
- 5) кепілдік жарнаның көлемі (тиынсыз);
- 6) кепілдік жарнаны аудару үшін ұйымдастырушының банктік реквизиттері;
- 7) конкурс шарттары, сондай-ақ, конкурс қатысушысына және/немесе мүлікті сатып алушысына қойылатын қосымша талаптар;
- 8) өтінімдерді қабылдау мерзімдері;

- 9) ұйымдастырушының мекенжайы мен телефоны;
- 10) Қоғамның мекенжайы мен телефоны;
- 11) комиссия шешімі бойынша қосымша ақпарат.

5.5. Сауда-саттық өткізілетіндігі туралы хабарлама олар өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын жариялануы тиіс. Сауда-саттықты өткізу хабарламасы комиссиямен өзгертілген жағдайда, сауда-саттық өткізілетін күні кемінде күнтізбелік он бес күнге ауысады.

5.6. Егер конкурс қатысушысына сатылу объектісін сатып алу үшін заңнамаға және басқа да жағдайларға сәйкес қажетті рұқсаттар мен келісімдерді алу мақсатында қосымша уақыт қажет болса, комиссия сауда-саттықтардың өткізілуі туралы хабарламаны жариялау мерзімдерін ұзартуы мүмкін.

5.7. Сауда-саттықтарды өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін комиссия сатылу объектісіне барлық ниет білдірушілерге еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

5.8. Сауда-саттықта жеңген қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату келісімшарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатады және ұйымдастырушы сатушы тізілім веб-порталында ЭЦҚ-мен кепілдік жарнаны аудару өтінішіне қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сатушының шотына аударады.

5.9. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған орайда, Қоғам сауда-саттық ұйымдастырушысының және қатысушының электрондық поштасына мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы хабарламасын дереу жібереді, сондай-ақ міндеттемелерді орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіруді және қолдануды жүзеге асырады.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

6.1. Сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған күнінен бастап күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзімде сатып алу-сату келісімшартын жасасудың негізі ретінде сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамасына сілтемесі көрсетіле отырып Қоғам мен сатып алушының арасында сатып алу-сату келісімшарты жасалады.

6.2. Сатып алушы сатылу объектісіне төлемін толығымен төлегеннен кейін меншік құқығына ие болатындығын Қоғам сатып алу-сату келісімшартында көрсетеді.

6.3. Жеңімпаз сатып алу-сату келісімшартына қол қойған соң Қоғамға салыстыру үшін түпнұсқаларын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін міндетті түрде көрсете отырып, келесі құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: төлқұжатын немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатын;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігін немесе анықтаманы;

3) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжатын, сондай-ақ, заңды тұлғаның өкілінің төлқұжатын немесе оның жеке басын куәландыратын құжатын.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарып беріледі.

6.4. Сатып алу-сату келісімшарты бойынша есеп айырысулар Қоғам мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл орайда сатып алушы есеп айырысуларды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем объектіні сату бағасының кемінде 15% мөлшерінде сатып алу-сату келісімшартына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі. Аванстық төлем сатып алушының сатып алу-сату келісімшарты бойынша міндеттемелерін тиісті орындауын қамтамасыз етеді. Кепілдік жарна тиесілі аванстық төлем есебіне есептеледі;

2) қалған сома тараптардың уағдаласуы бойынша, бірақ сатып алу-сату келісімшартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей енгізіледі.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы барлық есеп айырысулар қолма-қол ақшасыз тәртіпте сатып алу-сату келісімшартында көрсетілген Қоғамның есеп айырысу шоты арқылы жүргізіледі.

Ақырғы төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатып алу-сату келісімшартын бір жақты тәртіппен бұзуға жол беріледі. Ақырғы төлем кешіктірілуіне байланысты келісімшарт бұзылған жағдайда аванстық төлем қайтарылмайды.

6.5. Сату объектісін тапсыру сатып алушы сатып алу-сату келісімшарты бойынша сату бағасын толық төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

6.6. Сатылған объектінің иесін өзгерту туралы мемлекеттік тіркеуді жүргізу үшін қол қойылған қабылдап алу-тапсыру актісі негіз болады.

Жеңімпаз қабылдап алу-тапсыру актісіне белгіленген мерзімде қол қоймаған жағдайда, сатушы тізілімнің веб-порталымен құрылатын, сауда-саттық қорытындыларын жою туралы актісіне қол қояды.

6.7. Егер жеңімпаз осы Ережелердің 6.1 тармағында көрсетілген мерзімде, не болмаса 6.3 тармағының 2 тармақшасын бұзу арқылы электрондық сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, онда Қоғам тізілімнің веб-порталымен құрылатын, сауда-саттық қорытындыларын жою туралы актісіне қол қояды.

Сатып алушы осы Ережелердің 6.1 тармағында көрсетілген мерзімде сатып алу-сату келісімшартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, не болмаса сатып алушы сатып алу-сату келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, не болмаса осы Ережелердің 6.1 тармағында көрсетілген құжаттарды сатушыға ұсынбаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнасын кері қайтармайды және ЭЦҚ қолдану арқылы тізілімнің веб-порталымен жасалатын, сауда-саттық қорытындыларын жою туралы актісіне қол қояды.

6.8. Ықтимал бөліп төлеудің шарттары сауда-саттыққа қатысушыларға алдын ала хабарланған жағдайда ғана бөліп төлеуге жол беріледі. Бұл ретте

бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының 15 пайызынан кем болмауы тиіс, ал бөліп төлеу кезеңі үш жылдан аспауы тиіс.

6.9. Бөліп төлеген жағдайда сатып алушы бастапқы жарнаны сатып алу-сату келісімшартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде енгізеді. Одан кейінгі сомаларды енгізген кезде, сатушы әлі енгізілмеген сомаларға ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып пайыздарды есептейді.

6.10. Егер сатып алу-сату келісімшартында қамтамасыз етудің өзге тәсілі көзделмесе, сатушының сатып алушы сатып алған мүлікке кепіл құқығы төлемдердің уақтылы өтелуінің қамтамасыз етуі ретінде қолданылуы мүмкін.

6.11. Егер сатып алу-сату келісімшартымен қамтамасыз етудің басқа әдісі қарастырылмаған болса, объектіні бөліп төлеумен сатқан жағдайда, ол объект тиісті тіркеуден өтетін кепілдік келісімшартын жасай отырып, бастапқы жарнаны төлегеннен кейін, сату объектісін қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қою арқылы беріледі.

Жылжымайтын мүлікті сату объектісі бойынша мәліметтер

№ р/р	Көрсеткіштердің атауы	
1	Маркасы, моделі	
2	КҚ категориясы	
3	Трікеу нөмірі (КҚМТН)	
4	Шығарылған жылы	
5	Шанақ нөмірі	
6	Шасси нөмірі	
7	Түсі	
8	Қозғалтқыш көлемі, см.куб.	